



**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
Материалдары

2018 жылдың 16-17 ақпаны

II том

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы
III Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2018 года

Том II

**ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY,
DEVELOPMENT OF HUMAN, HIS CONSCIOUSNESS,
AND MORALITY**

Proceedings
of the III International Scientific-Theoretical Conference

February 16-17, 2018

Volume II

Астана/Astana

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
РҒА ФИЛОСОФИЯ ИНСТИТУТЫ
ҚР БҒМ ҒК ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ
М.В. ЛОМОНОСОВ АТЫНДАҒЫ ММУ ҚАЗАҚСТАН ФИЛИАЛЫ

**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

**III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
материалдары**

2018 жылдың 16 - 17 ақпаны

II том

Астана, 2018

Редакциялық кеңес

Е.Б. Сыдықов, Д. Қамзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжігітова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толғамбаева

Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің
Ә43 дамуы: III Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары (2018
жылдың 16-17 ақпаны, Астана, Қазақстан) 2 томдық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ баспасы, 2018. – 339 б.

ISBN 978-9965-31-977-8

Жинаққа Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР ғылым және техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығының, «Достастық жұлдызы» мемлекетаралық сыйлығының, ҚР тұңғыш президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының, Халықаралық «Өмір ағашы» сыйлығының лауреаты, Шоқан Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың тұңғыш лауреаты Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің 85 жылдық мерейтойына арналған «Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы» атты III халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енген.

Конференция шеңберінде «Философия тарихы, таным теориясы мен ғылым әдіснамасының өзекті мәселелері», «Қазіргі әлемдегі адам және адамгершілік мәселелері», «Ж.М.Әбділдин және диалектикалық логика мен таным теориясы, адам мен адамгершілік мәселелерінің талдануы» секциялары жұмыс жасады.

Қазіргі философияның өзекті мәселелері мен ҚР ҰҒА академигі Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің шығармашылығына қызығушылық танытқан қауымға арналады.

Жарияланып отырған материалдар автор редакциялауымен берілген.

ӘОЖ1/14
КБЖ87.0

ISBN 978-9965-31-977-8
ISBN 978-9965-31-975-4

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ РАН
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ, ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ КН МОН РК
КАЗАХСТАНСКИЙ ФИЛИАЛ МГУ ИМЕНИ М.В. ЛОМОНОСОВА

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы III Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2018 года

Том II

Астана, 2018

УДК1/14
ББК87.0
А43

Редакционный совет

Е.Б. Сыдыков, Д. Камзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжигитова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толгамбаева

А43 Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности: Мат-лы III Междунар. науч.-теорет. конф. (16-17 февраля 2018 г., Астана, Казахстан) в 2-х тт. – Астана: изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2018. – 339 с.

ISBN 978-9965-31-977-8

В сборнике представлены материалы III Международной научно-теоретической конференции «Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности», посвященной 85-летию академика НАН РК Жабайхана Мубаракovichа Абдильдина, Лауреата Государственной премии Каз ССР в области науки и техники, Межгосударственной премии «Звезда Содружества», Президентской премии мира и духовного согласия, Российской премии «Древо жизни», Лауреата первой премии имени Ч.Ч. Валиханова.

В рамках конференции работали секции: «История философии, актуальные проблемы теории познания и методологии науки», «Проблема человека и нравственности в современном мире», «Академик Ж.М. Абдильдин и разработка проблем диалектической логики, теории познания, человека и нравственности».

Адресовано всем интересующимся актуальными проблемами современной философии и творчеством академика НАН РК Жабайхана Мубаракovichа Абдильдина.

Публикуемые материалы представлены в авторской редакции.

УДК1/14
ББК87.0

ISBN 978-9965-31-977-8
ISBN 978-9965-31-975-4

© ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2018

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМ БОЛМЫСЫНЫҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ҚЫРЛАРЫНЫҢ ЗЕРДЕЛЕНУІ

Данысбекова К.Б.
Астана қ.
kanshaiym58@mail.ru

Абай философиясы көбінесе этикалық философия болып табылады, ойшыл өзінің философиялық ілімінде ең алдымен этикалық проблемаларды қарастырып, шешкен.

Ұлы философ ретінде Абайды нағыз тұлға, біртұтас адамды қалыптастыру мәселесі қызықтырды. Бұл мәселе оның философиясында қазақ халқында жетілген тұлғаны қалыптастыру, білімді, кемелденген қазақты қалыптастыру мәселесімен байланысты. Қазақ философы нағыз тұлға, біртұтас адамды қалыптастыру болып табылған өзінің басты мәселесінің контекстінде дәстүрлі қазақ танымын, шынайы эмпирикалық адамды сынға алғанын нақты түсінуге болады. Абай бұл мәселе бойынша барлық бұрынғы өткен мәдениетке сүйене отырып, өзінің ерекше пікірін, өзінің түсінігін, өзінің концепциясын жасады. [1, с.120,121].

Абай үшін негізгі мәселе – адам мәселесі және де ол кең ұғымда алынған: адамның көңіл-күйі, мінез-құлқы, түсінігі, пейілі, ойы, көзқарасы. Дәлірек айтсақ, философиялық мәселенің бір-бірімен тығыз байланысты, сабақтас этикалық, эстетикалық, әлеуметтік, гносеологиялық және басқа қырлары болғандықтан адам проблемалары жиынтығы тұрғысынан келеді.

Абайдың өз шығармаларындағы негізгі ұстанған этикалық қағидасы – бұл «Адам бол!» деген үндеуі – ол ақынның шығармаларының өзегіне айналды. Абай үндеуінің этикалық мәні адамның өмірдегі міндеті мен рөлін жоғары бағалау. Адам – ақын көзқарасында ақыл-ойдың, адамшылықтың, еңбексүйгіштіктің және білімділіктің, достық пен махаббаттың түгелдей көрініс табуы, жинақталуы. Ай мен күн – аспан әлемінің әшекейі, орман мен жемістер – таудың әшекейі, ал жердің сәні – адам. Абай үлкен мақтанышпен: «Адам деген даңқым бар!»-деп жар салады [2, с.86 б.].

Абайдың адамға қойып отырған талабы бүгін де мәнін жойған жоқ. «Адам болам десеніз»-мұны қалай түсінуге болады? Адам әзір күйде туа салмайды, адам болып қалыптасады. Адам болу – екі түрлі өзара байланысты процесс: бір жағынан, қоғамға байланысты қоғамдық ортаның сәбиге, жасөспірімге болашақ адам ретінде қарап, оның адам болуына жағдай жасауы; екінші жағынан, адамның өзіне де байланысты, есі кірген жастың өзінің адам болуға ұмтылуы. Абай адамның адамшылық белгілеріне қарайды: «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым ойлап қой». Бұл талаптар бүгін артық деп кім айта алады. Әсіресе, Абайдың «терең ойды» қайта-қайта алға тарта беруі – таңқаларлық жәйт:

Ғылым оқып, ой таппай,

Құр үйінде жатады...

(«Сабырсыз, арсыз, еріншек» деген өлеңінде) [3, с.67].

Терең ой, терең ғылым іздемейді...

(«Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы») [3, с.74].

Ынсап, ұят, терең ой,

Ойлаған жан жоқ, жауып қой,

Ойланар елдің сиқы жоқ...

(«Сегіз аяқ») [3, с.89,92].

Абайдың өкпесі де, назы да, өкініші де, үміті мен сенімі де болашақтың – біздің заманның өкілдеріне арналған.

Адам ұғымы Абай шығармашылығында абстракты, жалпыға бірдей қолданыла беретін ұғым емес. Адамдарды ойшыл әр категорияларға бөледі. Ер адам мен ез адам:

Ер ісі ақылға ермек, бойды жеңбек,

Өнерсіздің қылығы өле көрмек.

Шыға ойламай, шығандап қылық қылмай,
Еріншек өздігінен көпке көнбек...
(«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек») [3, с.46].

Адам еңбекпен өседі, жетіледі. Еңбек – Абай іліміндегі негізгі ұғымдардың бірі. Адамға еңбектің қай түрі де лайық, жарасады.

Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе,
Ең болмаса, еңбекпен мал табалық...
(«Бір дәурен кемді күнге-бозбалайық».) [3, с.53]

Абайдың этикалық тұжырымдамаларында «еңбек» ұғымының айрықша орны бар, өйткені қазақтың ойшыл ақынының еңбектің адам өміріндегі мәні туралы айтылмайтын шығармасы жоқ деп әсірелеусіз айта аламыз. Еңбек әрекетін Абай адамның рухани, ақыл-ойының қалыптасуының негізі деп есептеді: «Ақыл, ғылым – бұлар кәсіби» [5, с. 150]. Ол сонымен қатар, еңбек адам жанын түлетеді, ал еңбектен алыс жүретін жалқауларда жаман әдеттерге бейімділіктер көп кездесетінін келтіреді. «Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады», -деп жазады «Ғақлиясында» [5, с.142].

Адам болудың шарты болып табылатын тағы бір терең мәнді философиялық ұғым – қанағат. Қанағат қылу – Абай үшін де адамның асыл қасиеті болып табылады.

Бар ма екен жай жүрген жан қанағатпен,
Құдайдың өз бергенін жеп көрем деп?...
(«Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман») [3, с.48].

Өмірдің мәніне жетем деген адам қандай қасиеттерді бойына жинап, қандай қасиеттерден арылу қажет? Өмірде не нәрсенің маңызды екенін түсіну үшін адамға ең әуелі ақыл керек. Абай ақылды адамды есті адам деп сипаттайды – Ақылдың көмегімен адам өзі қызыққан өмір – дүниенің есігін ашады, дүниені ғана емес, өзін де, басқаны да ұғынуға тырысады. Өмірінің мақсатын анықтау міндетін де адамның ақылы атқарады. Ең қарапайымнан күрделіге дейін сан түрлі мақсаттың ішінен өзіне қажеттісін таңдап алу оңай емес. Есті адам ақылына жүгініп, тұрақты, түпкілікті мақсатты таңдап алуға қабілетті.

Ақыл өмірлік мақсатты анықтауға көмектесіп қана қоймайды, сол өмір ағымын реттеп те отырады. Адам өмірінің әрбір күнін, жұмасын, айын ақыл таразысына салып, өзінен өзі есеп алып отырса, өмірін өкінбестей өткізетінін Абай баса айтады. Ақылға жүгінбей, есепсіз, қалай болса, солай өмір сүрген адам өмірдің ағып өте шыққанын білмей қалып, кеш ойланатыны ақиқат емес пе? Сондықтан да ғұлама бабамыздың бұл пікірін әрбір адам басшылыққа алса, артық болмас еді.

Адамды аздыратын ақылсыздық қана емес, сыншыл ақылдың айтқанымен жүретін, оны ұғатын жүрек пен қайраттың жоқтығы. Көздеген мақсатқа жету үшін ақылдылық аздық етеді, ештеңеге мойымайтын батылдық, жүректілік керек. Осы жүректіліктің негізінде жүрек пен қайрат жатыр.

Жігер мен қайраттан тұратын жүректілік ақылға құлақ салмаса, асығыстық іс жасалады. Қазақта көбіне жүректіліктің осы түрі көп кездесетін секілді. Абай айтқандай: «Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады. Біздің қазақтың «жүректісі» мақтауға сыймайды» [4, с.33].

Таза жүректе ақыл, рақымдылық, мейірбандық қонақтайды, таза жүректі адамның шапағаты өзіне ғана емес, бүкіл адам баласына түседі. Абайдың «адам баласына адам баласының бәрі – дос» деген гуманистік қағидасының негізінде де осы таза жүректілік принципі жатыр. Тереңірек ойлап қарасақ, ашық аспан астында жер басып жүрген адамдардың бәрі бірдей, өмір мен өлім, қайғы мен рахат, тоқтық пен аштық тағы басқаның бәрі адамға ортақ, жетпейтін ештеңе жоқ.

Өмірдің мәні руханилық пен адамгершілікке жету үшін адамға білім мен еңбек қажет екендігін Абай барлық өлеңдері мен қара сөздерінде айтады. Адамның тіршілігінің мәнді болмағы адамның өзіне ғана байланысты. Бұл мәселенің шешімін Құдай тағалаға немесе басқа күштерге ысырып тастау қисынсыз. Еңбек ету, Абайдың сөзімен айтсақ, өнер үйрену

адамға ең әуелі күн көріс үшін керек: «Мал тапса, қарын тояды... қарны аш кісінің бойында ақыл, ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын?» [4, с.51]. Бірақ еңбекпен уақытша мал тауып, қарын тойдыру адамшылыққа жатпайды.

Еңбексіз білім де келмейді. Ғылым тілі – дүниенің кілті. Адамның көкірегі тазартатын да, надандықты жеңетін де ғылым. Осы қағидаға өз көзі жеткен Абай қазақ жұртын мал емес, таусылмас қазына білім мен ғылым жинауға шақырады. Ерінбей еңбектенсе, алынбайтын білім қамалы жоқ екендігін ұлы ақын әсіресе жастарға көбірек ұғындырады. Абай білім ұғымын кең түсінікте қолданады. Ол тек ғылым ғана емес, адамның өмір сүре білуге, басқа адамдармен адамгершілікке негізделген қарым-қатынас жасауға үйренуі. Дүниеге келген адам бәрін біліп тумады, адам деген атқа сай болуды бірте-бірте үйренеді.

Адам тақырыбы Абайдың барлық шығармаларында бар. Оның жарық дүниеге келіп, адамгершілік, танымдылық көзқарастары қалыптасып, өлгенге дейінгі аралықтағы сан соқпақты жолдары, тіршілік, бәрі-бәрі Абай шығармаларына арқау болған. Оның айтуынша: «Адам баласы жылаумен туады, күліп өледі». Бұл сөздің астарында үлкен мән-мағына, ой жатыр. Адам баласы тууы мен өлуі арасында бұл дүниенің рахаты қайда екенін біле алмай дал болып, бірін-бірі аңдып, болмашы қол жеткенді дабырайтып, мақтаныш қылып, жарамсыз қылықпен өмірін бос өткізіп алғанын өзі де аңғармай қалады. Өмір тоқтап тұрмайды, әр нәрсе өзінің уақытында, дер кезінде алып қала алмасаң, кеш болады, жас келіп қартайғаннан кейін қанша тырысқаныңмен одан ештеңе шықпайды.

Адам туралы, рухани жан дүниесі туралы Абайдан артық айта қойған ешкім жоқ. Ол былай деп жазады: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады, бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреу білсем екен демелік ... мұның бәрі жан құмарлығы – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» [5, с.95-96].

Білімнің қайнар көзі – қоршаған орта, адамның өзі. Оның ақыл ойының, сана сезімінің жоғары болуы өзіне байланысты. Адам барлық уақытта осы мақсатта өзін өзі жігерлендіріп, мұраткерлік танытып отыруы керек.

Адам танымын Абай өте күрделі процесс деп қарайды. Адам ұдайы ақыл ойын, таным түсінігін, рухани жан дүниесін табанды еңбегі арқылы жетілдіріп, ұштап, күш-қайратын, жігерін осы мақсатқа шоғырландыруы тиіс. Ғылымға ден қойған адам қоршаған ортаны, адамдардың бойындағы сапалық қасиеттер мен ерекшеліктерді бұрынғыдан да кеңірек танып біледі. Абайдың айтуынша, адамның өмірі мен оның бүгінгі, болашағы үшін ең басты қажеттілік, адамның мақсатына, мұратына жетуі үшін өзін және қоршаған ортаны кеңірек танып, оның нәтижесін шындықты өтіріктен, әділеттілікті әділетсіздіктен, қайырымдылықты қатыгездіктен айыра білуі қажет.

Адам бойында білсем, үйренсем, көрсем деген талпыныстың болғаны жақсы. Адамның бәрі дәл осылай емес, кейбірі ішкен-жегеніне, қарын тойдырып, уақыт өткізгеніне мәз болып, өмірдің мәнді жақтарына, ненің не екеніне бас ауырта қоймайды. Абай мұндай адамдарды да сынаған, оның жаман қылығын бетіне басқан.

Шындығында да адам анадан бірден есті, білімді болып туа салмайды ғой. Есейе келе айналаға көз жіберіп, көріп біліп, таңсық нәрсенің сырына көз жеткізгеннен кейін ғана жақсы мен жаманның парқын ажыратып, айыра алатын, түсіне алатын халіне жетеді. Бұл ретте оны қоршаған адамдар қандай есті ме, есер ме, білімді ме, білімсіз бе? Көп нәрсе соған байланысты. Абай да мұны қалт жібермеген. Ол былай дейді: «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өз ісіне жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады» [5, с.105].

Абай шығармашылығының адамшылық жаңғырық-үні, оның тартымдылығы мен жоғары құндылығы – оның адамды жаңарту жолдарын іздеуде, оның рухани дүниесін байытуға ұмтылысында, оның күш-жігері мен қабілетіне сене отырып, жетілдіруге жағдай

жасауға талпынуында жатыр. Абай шығармаларын оқу арқылы адамның дүниенің жиынтығы, жаратылыстың шыңы, қоғамның негізі мен тамыры екеніне көзіміз жетті.

Әдебиет тізімі

1. Абдильдин Ж., Абдильдина Р. Абай – гениальный мыслитель и гуманист.
2. Астана: Фолиант, 2015.-232 с.
3. Габдуллин Б.Г. Этнические воззрения Абая. – Алма-Ата: Казахстан 1970. -104 с.
4. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. - Алматы: Жазушы, 2005. -Т.1. -296 б.
5. Абай. Қара сөз. Поэмалар. -Алматы: Ел, 1993.-269 б.
6. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. - Алматы: Жазушы, 2005. -Т.2. -336 б.

ПРОБЛЕМА НРАВСТВЕННОГО ВЫБОРА СОВРЕМЕННОГО ЧЕЛОВЕКА

Калиева К.А.

г. Астана

kulpash_alibaevna@mail.ru

В современном обществе мнение насчет роли морали и нравственности противоречиво. Некоторые исследователи утверждают, что человеческая цивилизация находится на той стадии развития при которой мораль и нравственность стала атавизмом. Что такое атавизм - это появление у человека признаков, свойственных их отдаленным предкам. Человек эгоистичен, живёт по принципу: все что мне выгодно здесь и сейчас является высшей справедливостью. С приходом капиталистического образа жизни или как мы часто любим употреблять рыночной экономики сталкиваемся пропагандой таких явлений как эгоизм, паразитизм, беспринципность. Некоторые возводят в культ понятие личной выгоды, считая, что именно она является необходимым и достаточным условием мотивации их поступков. В сегодняшнем мире мало кто задумывается, что в истинном понятии «нравственность». Нынче в обществе в почете «выгода», расчетливость, подлость и т. д.

Если заглянуть в историю нравственно-этических учений древнегреческих философов, например, Гераклит понимал под нравственностью мудрость, следование природным законам, а Демокрит рассматривает внутренний мир человека. Идеал нравственности для него — мудрец, презревший суетность жизни. Он говорил: «Не из страха, но из чувства долга должно воздерживаться от дурных поступков» [1]. Демокрит особо выделял такие ценности как справедливость, истина, честность, теплые доверительные отношения между людьми. Нравственность это философское понятие, это внутренняя оценка человеком норм поведения с точки зрения добра. Нравственность — это внутренний самоконтроль. Нравственный человек более глубок и сложен. Нравственность - это следование определённым нравственным принципам: принципам Чести, Совести, Долга, Справедливости, Любви и Доброты. Благодаря нравственным принципам, можно определить истинное достоинство того или иного человека. Уважение, почтение, одобрение, любовь у окружающих вызывает именно человек достойный. Основа нравственности - это различие Добра и Зла. Именно из-за отсутствия в современном обществе адекватных представлений о Дobre и Зле, происходит падение нравственности, люди поражены пороками и невежеством, а общество в целом быстро разлагается. Такое явление мы наблюдаем даже у благополучно развитых капиталистических странах. Мы пытаемся идти в ногу со временем, стараемся соответствовать требованиям современного общества, говорим о необходимости уровня жизни, экономического развития в науке и технике и в других сферах догнать развитые капиталистические страны. Если не приукрашивая смотреть на реальную социальную бытию современного мира, невооруженным глазом можно увидеть как пропагандируют,